2.	Манабаева Шарапат Тулендиевна	мұғалім	Тарих	Тарих, 07.07.2021, MD №00019616623
3.	Даутова Гулжан Бахытовна	мұғалім	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиеті, 05.07.2022, MD00022029049
4	Джумашова Мақпал	мұғалім	Бастауыш сынып	
5	Әдебиет Шынар	мұғалім	Бастауыш сынып	

3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер: Педагогтерді аттестаттау бес жылда кемінде бір рет, білім беру ұйымдарының басшыларын – "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі. Аттестатталушы аттестаттау кезінде алғаш рет кез келген біліктілік санаттарына өтініш бере алады. Әрі қарай - бірізділікті сақтай отырып береді.

Мектепке дейінгі, тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына біліктілік санаттарын беру қосымшалардағы тізімге сәйкес бекітілген. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 27 қаңтардағы бұйрық №50 н/қ шешімімен беріліп отыр.

р/с	Аты-жөні	Мектебі	Лауазымы	Бекітілген санаты
1.	Маханов Алдаберген Орынтаевич	Құрманғазы атындағы ШЖЖОМ	Директор	Атқаратын лауазымына сәйкес

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшы орынбасарларының аттестатталуы бойынша комиссия шешімдері қосымшаларға сәйкес бекітілген. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының аттестаттау комиссияның 2021 жылғы 10 маусымдағы бұйрық №184 шешімдерімен беріліп, білім беру ұйымдарының басшысының орынбасарлары өтініш берілген біліктілік санаттарына аттестатталды.

р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Өтініш берілген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты
1	Жұбандықова Күлшат	Оқу ісі жөніндегі орынбасар ы	Санатсыз	Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары	Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары
2	Медетова Жанар Тілеуқабылқызы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Санатсыз	Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары	Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес (№338 бұйрық, 3 – параграф, 49 – тармақ) директордың орынбасарларында оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – оқытылатын пән бойынша "педагог – сарапшы" немесе "педагог – зерттеуші», немесе «педагог-шебер» біліктіліктері бар. Аттестаттаудан өткен орынбасарлар бұл талаптарға сай болып отыр. Оқу-тәрбие процесінің жай-күйін талдай отырып, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету дағдыларын игерген.

4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында мектепте жалпы 38 педагог, оның ішінде 37 жоғары және жоғары оқу орнының кейінгі педагогикалық білімі бар-3, 1-арнаулы орта білімі бар. Бастауыш мектепте 8 педагог сабақ жүргізді, оның ішінде педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-4, педагог-модератор-2.

Негізгі және жоғары сыныптарда-30 педагог, оның ішінде жоғары-1 және бірінші санатты-2, педагог-зерттеуші-9, педагог-сарапшы-8, педагог-модератор-1 сабақ жүргізді.

Бастауыш мектепте 8 педагог сабақ жүргізді, оның ішінде, педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-4, педагог-модератор-2. Бастауыш мектептегі жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі-60%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаның 1.1 – тармағы "uzdik" бағасына сәйкес келеді). Негізгі және жоғары сыныптарда-30 педагог, оның ішінде жоғары-1 және бірінші санатты-1, педагог-зерттеуші-9, педагог-сарапшы-8, педагог-модератор-1 сабақ жүргізеді. Жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі-63,3%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 1-қосымшаның 1.2 – тармағы "uzdik" бағасына сәйкес келеді).

2023-2024 оқу жылында «Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» КММ-сінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар: 1 қыркүйек - Білім күніне арналған “Мектебім - мейірім мекені” атты іс-шара өтілді.

Шуақты қыркүйек айының бірінші күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысты. Барша ұстаздарды, оқушыларды, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді бүгінгі “Білім күнімен” құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Мектеп директоры Маханов Алдаберген Орынтайұлы ұстаздарға, оқушыларға ақ тілегін жолдап, мектеп жаңа оқу жылына жан-жақты дайын екендігін айтып өтті. Биыл 24 оқушы алғашқы рет мектеп табалдырығын аттады.

Іс-шара мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің өлең-шумақтарымен, оқушылардың ән-жырына ұласты.

5 қыркүйек - Тілдер мерекесінің салтанатты ашылу рәсімі болды. Мектеп ұстаздары Тілдер мерекесімен барша егемен халқымызды құттықтады. Оқушылар өз құттықтауларын үш тілдегі өлең шумақтарымен жеткізді. Салтанатты ашылу ән-жырға ұласты.

Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, мейірбан, ақылды, қайырымды, болуға, бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

2023 жылдың 06 қыркүйек күні Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі Парасаттылық пен Академиялық адалдық мәселелеріне арналған “Адалдық сағаты” бірінғай сағатының жоспарына сәйкес, «Құрманғазы атындағы

шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-інде 2 сынып жетекшісі Г.Байтұрсынованың ұйымдастыруымен “Адал ұрпақтың үлгісі қандай болу керек?” атты тәрбие сағаты өтілді. Бүлдіршіндерге адалдық, парасаттылық, адамгершілік сынды асыл қасиеттер жөнінде түсінік берілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, тұтымды жауаптар алынды.

Мектеп оқушылары арасында жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында "Абайлаңыз балалар" атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға жергілікті полиция инспекторы полиция капитаны қатысып, жол ережелері туралы оқушыларға кеңінен түсіндірді. Іс-шара соны аталған тақырып бойынша тәрбие сағатына жалғасып, сынып жетекшілері тарапынан мектепке келуі, кетуі кезіндегі жол қауіпсіздігі, жол белгілері, бағдаршам жайлы түсіндірілді.

Сергіту сәті -бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау;

Дене белсенділігін арттыру; Шаршаудың алдын -алу; Ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру;

Міндеттері: Балалардың денсаулығын сақтау ; Оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын –алу.

2023-2024 оқу жылының іс-шара жоспарына сәйкес «Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде “Ай-Ару” қыздар ұйымының жиналысы өтілді. ДТЖО Ж.Медетова, педагог ұйымдастырушы Қонысбаева Жаухар, тәлімгер А.Бақбердиева және мектеп мейірбикесі Д.Төлеуова қатысуымен өтілген жиналыста “ Ай-Ару ” клубының жұмыс жоспарымен таныстырды және бекітті, ұйымның жетекшісін сайлады.

Мектеп мейірбикесі Д.Төлеуова “Тазалық, тәртіп-басты талап” тақырыбында баяндама оқыды. ДТЖО Ж.Медетова қыздарға тазалық, тәртіп жайында түсінік берді.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сі ұжымы бір кісідей бірігіп, сенбілік өткізді. Мектеп аумағын қоқыстардан тазартып, тазалау жұмыстарын жүргізді. Қондырылған ағаштарды, егілген гүлдерді арам шөптерден тазартты.

Сенбілік - қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үйретеді.

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес, ұлдар жиналысы өткізілді.

Мектеп психологы К.Абдраманова оқушыларға психологиялық тренингтер өткізді. ДТЖО Ж.Медетова мектеп формасы жайында, тәртіп пен тәрбие жөнінде сөз қозғады. Мектеп медбикесі Д.Төлеуова “Тазалық- денсаулық кепілі” тақырыбында баяндама оқып, тазалық жөнінде түсініктер берді. АӘДТ Ғ.Шарипханов қазіргі қоғам дерті болып тұрған кибербуллинг, психологиялық зорлық-зомбылық, физикалық зорлық-зомбылық, бопсалау жайында оқушыларға түсініктер беріп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» КММ-сінде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде 4 мәселе қаралды.

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастыру, 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерін айқындау мәселелері жөнінде мектеп директоры Маханов Алдаберген Орынтайұлы түсінік берді.

2. Мектеп формасы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мектептегі қауіпсіздік мәселесі бойынша ДТЖО Ж.Медетова сөз алды.

Қазіргі қоғамда өршіп тұрған күрделі мәселелердің бірі, қоғам дерті- буллинг және кибербуллингті болдырмау, оның алдын алу мәселесі бойынша мектептің педагог-психологы К.Абдраманова ата-аналарға осы мәселе бойынша түсінік беріп, тренингтер өткізді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға оң жауаптар берілді.

Ата-аналар мектеп ұжымына алғыстарын білдіріп тарқасты.

Өзін-өзі басқару ұйымының тренинг фракциясының ұйымдастыруымен «Кітап пайдалы ма, әлде интернет пе?» тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Дебатқа қатысушылар тақырып аясында тың пікірлер, жаңа ойларды сарапқа салды.

Мектеп мұғалімдері және оқушылары ұйымдастырған «Ұстаз болу —жүректің батырлығы" атты мерекелік іс-шара ұстаздар қауымының көңілін бір көтеріп тастады.

2023 жылдың 11-12 қазан күндері 1-11- сынып ата-аналарымен кезектен тыс ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

Ата – аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру

«Даналық мектебі» клубын құру :

«Ата өсиеті»

«Әже даналығы»

«Аға қамқорлығы»

«Жеңге кеңесі»

Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы туралы

Құқық бұзушылықтың, отбасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттіліктің, бала еңбегін қанаудың алдын алу мәселелері қаралды.

Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға, мектеп пен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы (оқушылардың сабақтан кешігуі, тазалығы, тәртібі) туралы, құқық бұзушылықтың, отбасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттіліктің, бала еңбегін қанаудың алдын алу мәселелері туралы айтылды.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы мен бірлескен жиналыс.

Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Білім алушыларға адам құқығы, бала құқығы, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету. Өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Мектеп оқушыларының күзгі демалыс күндері мен бос уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік күзгі каникул іс-шара жоспарына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ғылыми жоба жұмыстарының мазмұны ұйымдастырудың мазмұны турал жоғары сынып оқушылары мен ата-аналар бірлесе кездесу, ғылыми жоба туралы сұхбат жүргізілді.

Балалар өздеріне ұнаған тақырыпты оқып, белгіленген уақыт аралығында түсінгені бойынша ЭССЕ жазды.

Бұл жобаның мақсаты оқушыларды кітап оқуға ынталандыру, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, кітап оқу барысында түйген ойларын параққа түсіріп, сөз байлығын сауатты қолданып, эссе жазу қабілеттерін арттыру болып табылады. Бұл жоба балаларға қатты ұнады. Барлығы ойларын жинақтап, бір-бірінен озуға талпынды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес 5 сынып жетекшісі Ш.Манабаева сынып оқушыларымен «Әкем айтқан нақыл сөз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Асқар тау әкенің отбасындағы рөлі жайында түсініктер берді, нақыл сөздермен, мақалдардан пікірсайыстар ұйымдастырды. Оқушылар әкелеріне айтар тілектерін қағаз бетіне түсірді, ікелерінің бойындағы өздеріне ұнайтын жақсы қасиеттерді кезегімен атап берді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы өтілуде. Жобаның төртінші күні сыныптар арасында «Анаммен кітап оқимын!» тақырыбында 5-7 сынып аралығында акция өткізілді. Онда балалар

өздеріне ұнаған, оқыған кітаптарын өз достарына, сыныптастарына үзінділер айтып, қызықтырып, жарнамалайды. Бұл жоба балаларға өте ұнады. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары артып, кітапханадан көптеп әдеби және ертегі кітаптар алуға асықты.

Мектепте «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы Ұрпақ, және «Адал Ұрпақ» клубының мүшелерін қабылдау іс-шарасы ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру пән бірлестігі Асық ату, Бес асық челленджи ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлттық ойындар-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде саусақ пен алақандағы жүйке жүктелері үйкеліске түсіп, миы тынығады.

«Мектептегі буллинг: түрі, себебі, алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: «Буллинг сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағат барысында 1. Өке тарапынан кететін қандай қателіктер жібереді? 2. Ал ана тәрбиесін қандай қателіктер жібереді? 3 Ал мұғалімдер қандай қателіктер жібереді? 4. Ал оқушылар өзі қандай қателіктер жібереді? Осындай маңызды, өзекті мәселелер қызу талқыланып оң шешімдерін тауып, оқушылар бірлескен ойларын ортаға салды. Жақсы идеялармен бөлісті.

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес күз мерекесіне орай «Күзгі Ханзада мен ханшайым» атты 6-9 сыныптар арасында байқау ұйымдастырылды. Байқауға қатысушы сыныптар өз білімдерін, өнерлерін, белсенділіктерін, алғырлықтарын сарапқа салды. Байқау шарттарын барлық сыны жоғары дәрежеде орындап шықты. Өз өнерлерін көрсету, өнер жұлдыздарына пародия сынды шарттар көрермен көңілін бір серпілтті. Күзгі сән үлгісі күз сұлулығын кереметтей дәлелдеп берді. «Күзгі Ханзада мен ханшайым» сайысының бас жүлдесін 9 сыныбы иеленді. Байқау көрермендері сайыстың жоғары дәрежеде өткендігін айтып тарасты.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-інде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасының жоспарына сәйкес 1-сыныпта, сынып жетекшісі Г.Алтыбаева жасөспірімнің физиологиялық тұрғыда бейімделуі, оның іс-әрекеттерін жақсарту жағдайында, бала мен отбасының қарым-қатынас дағдыларын дамыту, отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту мақсатында «Ақыл айтпа, жол көрсет» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында 9 сынып жетекшісі А.Иманбердиева сынып сағатын өткізді.

Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шара жоспарына сәйкес мектепте «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» ұранымен 6-7 сынып оқушылары арасында іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шарада оқушылар флешмоб биін биледі.

Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шара жоспарына сәйкес мектепте «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында онкүндік жалғасын тапты. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шара жоспарына сәйкес мектепте «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы аясында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты мектеп парламенті Өзін-өзі басқару ұйымы акция ұйымдастырылды.

Республикалық бірінғай «Жас Қыран» балалалар ұйымына салтанатты түрде бірінші кезекте ҚР мемлекеттік Әнұраны орындалып, жиынды ашып беру үшін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Медетова ашып беріп құттықтау сөздер айтты. Салтанатты кешімізді ұйымдастырушы педагог Қонысбаева Жаухар жүргізді.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде 10 сынып оқушылары арасында Тәуелсіздік мерекесіне орай «Қазақстан болашағы-қазақ тілінде» тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Дебат қатысушылары аталмыш тақырыпты сарапқа салды. Оқушылар өздерінің тақырып үстінде ізденгендерін дәлелдеді.

ТҮНГІ РЕЙДТІК ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Бекітілген жоспарға сәйкес «Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі 22.00-ден кейін заңды өкілдерінсіз көшеде жүрмеуі күнделікті қадағалануда.

✓Құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп мұғалімдері мен ата - аналардан ерікті түрде кешкі (түнгі) кезекшілік жұмысы күнделікті ұйымдастырылуда.

Оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында "Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет -алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі» тақырыбында оқушыларға профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектепте «Патриот» өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Әдептілік –ең қымбат мирас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесі, қонақ күту, сыйластық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде жастар арасында құқықбұзушылықтың, тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу мақсатында аудан көлемінде құрылған ақпараттық-насихаттық топтың қатысуымен мектептің 9-10-11 сынып оқушыларына жиналыс өткізілді.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» кмм-сінде “Достықта жоқ шекара” акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым- қатынастары мен эмоционалдық әл- ауқатын дамыту мақсатында “ДосболLIKE” іс- шара жоспарына сәйкес мектеп оқушылары стендтер, буклеттер жасады.

«Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологының

2023-2024 оқу жылындағы жұмысының жылдық есебі

Мақсаты: Психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, осыған байланысты есеп беру.

Мектептегі психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатындағы міндет -педагогикалық ұжымда, оқушыларды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, бағыттары мен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, бүкіл педагогикалық ұжымда стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

2023-2024 оқу жылына мектеп психологының жұмысына жылдық есеп берер болсақ ол төмендегідей нәтиже көрсетеді.

Жаңа оқу жылында менің жұмысым бірінші сынып оқушылардың арасында Керн-Йерасиктің әдістемесін өткізуден басталды. Мақсаты: оқушылардың психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімділігін байқау.

Қыркүйек айы мен қаңтар айы аралығында мектебіміздің бастауыш буынмен атқарылған бірқатар жұмыстар легі мынадай: бастауыш сыныптардың оқу құрал жабдықтары тексерілді, сынып жетекшілерге сауалнама мен тренингтер

жүргізіліп, олардың сабақ үрдісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды. Бірінші сынып үлгерімі төмен оқушылармен түрлі психологиялық дайындылығымен мектеп өміріне бейімделуін кестелеп отырдым.

Бірінші сынып оқушылармен мектепке бейімделу деңгейін қалыптастыру мақсатында баланың мектепке оқуына психологиялық дайындығын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар өткізілді.

Бірінші сыныпқа психологиядан балалардың отбасымен қоршаған орта мен туыстарымен қарым-қатынасының қандай екенін анықтау мақсатында «Отбасы сурет», «Мен сүйетін жануар», «Біздің ұстаз» проективті сурет әдістемесі қолданылып жүргізілді.

Мектебіміздің бірінші сынып оқушылардың ата-аналарынан баланың сабағына зейін аударуы мен үй тапсырмасын орындау барысында кездесетін қиыншылықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Ұстаздары мен ата-аналарына ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Ал, орта буынға жүргізілген жұмыстарға келер болсақ 5-6-7-ші сынып оқушыларының тепмерамент типін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Сынып оқушыларын неліктен сабақ үстінде тыныш немесе шулы болып отыратындығы, олардың мінез құлықтарының тұрақты және тұрақсыз болып келетіндігі түсіндірілді.

Алтыншы сынып оқушыларының бойында бір-біріне құрмет достық, жанашырлық татулық сезімдерін ояту мақсатында «Досым саған сенемін» сауалнама әдістемесі жүргізілді.

Сегізінші сыныпқа оқушылардың бойында бір-біріне деген құрмет достық, жанашырлық татулық сезімдерін ояту мақсатында «Адамгершілік тірегі, инабаттылық жүрегі» тренинг жүргізіліп, ортада дискуссия өтті.

Орта буын оқушыларының сыныптағы көңіл-күйлерін анықтау мен сергіту мақсатында түрлі жаттығулар «Өз мәселеңді өзің шеше аласың ба?» , «Есімімен мақтанам» сауалнама жүргізіліп тренингтер өткізілді. Олармен тікелей неге қызығушылықтары бар екендігі, мектепте тағы қандай қосымша іс-шаралар өткендігін қалайтындығы туралы сауал сұрақтар қойылды. Нәтижесі шығарылып, пікір алмасулар жүргізілді. Дмскуссия барысында оқушылар өздерінің ойларын ашық жеткізіп, ұсыныстарын айтты. Психологиялық-ситуациялық сұрақтар өз нәтижесін көрсетті. Отырыс бойында оқушылар көптеген ақпараттармен қамтылып, серігіп қайтты. Бұл жобаның жалғасы сынып сағаттарында жалғасын тапсын деген ұсыныспен шешімін тапты.

Орта буын оқушыларының міне -құлық типін анықтау үшін «Айзен» сауалнама әдісі жүргізілді. Нәтижесін де 45% -сангвиник, 15% -флегматик, 10% - меланхолик, 30% - холерик анықталды.

Бесінші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделуін қалыптасу деңгейін анықтап жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасаланышы көмек көрсетілді. Тест алынып қорытынды шығарылды. «5 сынып дегеніміз не?», «Біз және біздің бағытымыз», «Біз және біздің кемшіліктеріміз» т.б сауалнама жүргізілді.

Мектебіміздің түлегі болатын 9 сынып оқушыларына мамыр айында «Мен қалаған мамандық» атты психологиялық тренинг шарасы өтті. Шараға толық 9 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: Мамандық таңдаудың негізгі шарттарымен таныстыру. Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін таңдауға жетелеу. «Бейіміне қарай мамандық таңдау қажет, мамандық таңдаудағы қателіктер» деген тақырыпшалар төңірегінде ақпарат алмасу жүргізілді.

Мектебіміздің бітіруші түлектері 11 сынып оқушыларына ҰБТ-ға байланысты «Талапкер тыңда» дәрісі өткізілді. Мұнда «Мамандық таңдағанда неге көңіл бөлу керек?», «Қазіргі кезде қандай мамандық мәртебелі?» «Бейіміне қарай қандай мамандық таңдау қажет?» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. ҰБТ -ға байланысты 11 сынып оқушыларының бағыт бағдарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп анықтамасы берілді.

Сонымен қатар келесі кездесулерде оқушылардың мамандық таңдауына байланысты «Голланд» тест жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың ҰБТ бойынша таңдаған төртінші пәндері бейімділіктеріне сәйкес келетіндігі анықталып, анықтамасы берілді. Оқушыларға сабақ үрдісінде психологиялық жағымды қолдау көрсетіп отыру ұсынылды. ҰБТ-ға дайындалуға байланысты бірқатар кеңестер беріліп, оқушылардың сенімділігін арттыру мақсатында «Импульс» жаттығу жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың бір-біріне және өзіне деген сенімділігі оянып батылдылық пайда бола бастады.

Жоғары буын оқушылардың темперамент типін анықтау үшін мінез-құлық тест жүргізіліп нәтиже шығарылды. Әрбір оқушының мінез -құлық типін анықтадық. Жоғары сынып бойынша мектебімізде 48% - сангвиник, 27% - холерик, 18% - флегматик, 7% - меланхолик екендігі анықталды.

Педагогтың оқушы ата-анасымен қатынасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігі мен мұғалімнің қылығымен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Сол мәселеге байланысты жылбойы жеке ата-аналармен кездесіп барынша кеңес беріп отырдым. «Сен қандай ата-анасың?» атты сауалнама жүргізіліп нәтижесі шығарылды.

Мектеп медбикесі П.Пернебек қыздар кеңесінің төрайымы Э.Кенжеғұлова апайлармен бірлесе отырып жоғары сынып қыздарына бей әдеп қатынас туралы тренинг жұмыстары жүргізілген.

Мектеп инспекторы мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп зорлық-зомбылыққа, құқық бұзушылыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын ұдайы жүргізіліп отырады.

Біздің мектепте үйден оқытылатын оқушы жоқ. Келеңсіз отбасы ауылда жоқтың қасы. Әлеуметтік картаға енген оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Мешітке баратын, орамал тағатын оқушылар жоқ.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының кестесі бойынша мұғалімдер түнгі рейдке шығып тұрады.

Ауылда оқушылардың мото сасмақат, мопед алғаны жоқ.

Жылдық жоспар бойынша жұмыстар уақтылы орындалуда.

«Бестерек» саласы бойынша жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып отырды.

Барлық оқушыларға мінездеме жазылған. Ата-аналармен келісім шарт түзелген.

Білім бөлімінен келген хаттар бойынша тапсырмалар толық орындалды.

Қорытынды:

2023-2024 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Психологиялық қызметінің нәтижелігін мынадай жағдайда көруге болады. Психолог және педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарастарымен ұстаздың балаға деген көзқарастары біріне-бірі толықтырылып отырса, ата-анамен байланысты жұмыс өз нәтижін береді.

4-БАҒЫТ: ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ АЛУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Мектепте кедергісіз қолжетімділік қамтамасыз етілген: үй-жайға кіру екі жағынан пандустармен және тұтқалармен жабдықталған (жоғарыдан және төменнен жаракатсыз аяқталатын көлденең аяқтау).

5-БАҒЫТ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ішкі, сыртқы бейнебақылау жүйесі орнатылған. 16 бейнекамера орнатылған.

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі бар," дабыл түймесі " бар. Ыстық судың, ауыз судың болуы.

Білім Мектепте алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы

мәліметтер: білім алушыларға медициналық қызмет көрсету үшін 2

бөлме жабдықталған. Бір кабинет білім алушыларды қабылдау бөлмесі, ал екінші

бөлме профилактикалық екпе салуға және медициналық манипуляция жүргізуге

арналған. Санитарлық талаптардың орындалуы туралы бұйрықпен рәсімделген.

Созақ аудандық орталық емханадан 1 штат бірлікте медбике берілген.

Мектептің медициналық бөлмесінің медициналық қызметке берілген

лицензиясы бар. 2019 жылдың 22.08 берілген 01111645DX нөмірлі

лицензияға қосымша лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері бойынша

«Алғашқы медициналық-санитариялық көмек» дәрігерге дейін көрсету берілген.

6-БАҒЫТ: ТИІМДІ ОҚЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

- Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер

Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Материалдық қаржы активтерінің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі)	Үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған кабинеттер, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы үй-жайлардың түрі	Площадь помещения (м2)
ыңғайластырылған, Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауыл округі, Ыбырай Жаукебаев ауылы, Ынтымақ көшесі, 42 ғимарат	Жедел басқару құқықтарына есептелетін	кабинет, дәрісхана, шеберхана, асхана, кітапхана, мәжіліс залы	1078.2

Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі бойынша білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер

Жалпы және пайдалы алаңының ауданы (м2) көрсетілген ғимараттың (құрылыстың) нақты мекенжайы	Атауы мен ауданы көрсетілген аудиториялар, пән кабинеттері	Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары (м²)	Атауы көрсетілген оқу зертханалары* (м2)	Түрі, саны, шығарылым күні көрсетілген оқу және оқу-зертхана жабдықтарының, техникалық оқу құралдарының тізбесі	Мәжіліс залы, спорт залы (м²)	Компьютерлердің жалпы саны көрсетілген компьютерлік сыныптар	Кітапхана	Для подготовки кадров по медицинскому направлению «Доклинические симуляционные кабинеты»
1078.2 шаршы метр, ыңғайластырылған, Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауыл округі, Бібырай Жаукебаев ауылы, Ынтымақ көшесі, 42 ғимарат	Информатика кабинеті, 41.58 шаршы метр	Шеберхана, 60 шаршы метр	жоқ	1. Компьютер в комплекте - 1 дана, 2013 жыл 2. Компьютер в комплекте - 1 дана, 2014 жыл 3. Компьютер в комплекте - 4 дана, 2015 жыл 4. Компьютер в комплекте - 3 дана, 2016 жыл 5. Компьютер в комплекте - 12 дана, 2017 жыл 6. Компьютер в комплекте - 2 дана, 2018 жыл 7. Ноутбук - 3 дана, 2016 жыл 8. Ноутбук - 3 дана, 2017 жыл 9. Интерактивная оборувание комплект - 1 дана, 2017 жыл 10. Интерактивная доска - 2 дана, 2017 жыл 11. Графопроектор - 1 дана, 2017 жыл 12. Принтер (Samsung ML-1660) - 1 дана, 2013 жыл 13. Принтер (Samsung ML2160) - 2 дана, 2013 жыл 14. Принтер (Canon MF3010) - 1 дана, 2018 жыл 15. Принтер (HP) - 1 дана, 2019 жыл. 16.2021 ж. компьютер в комплекте-1 дана. 17.2021 ж. компьютер Logosom-6 дана. 18.2021 ж. ноутбук technodom-10 дана. 19.2021 ж. ноутбук сервис-30 дана. 20.2022 ж. принтер-2 дана	Мәжіліс залы, 159.36 шаршы метр	Компьютерлердің жалпы саны - 39, компьютерлік сынып - 6	бар	жоқ
-	Алғашқы әскери техникалық дайындық кабинеті, 41.58 шаршы метр	-	-	1. Учебный автомат - 1 штук, 2015 жыл 2. Стенд стреловой плац - 1 дана, 2015 жыл 3. Стенд воин интернационалист - 1 дана, 2015 жыл 4. Стенд герой великой отечественной - 1 дана, 2015 жыл 5. Стенд офицер профессия геройческая - 1 дана, 2015 жыл 6. Стенд военные вузы - 2 дана, 2015 жыл 7. Автомат (макет) - 10 дана, 2017 жыл 8. Противогаз - 10 дана, 2017 жыл 9. Электромегафон - 1 дана, 2017 жыл 10. Прибор для химических разведки - 1 дана, 2017 жыл 11. Компас армейский - 4 дана, 2017 жыл 12. Стол тумбовый - 1 дана, 2007 жыл 13. Доска - 1 дана, 2009 жыл 14. Шкаф книжный - 2 дана, 2007 жыл 15.Парта - 8 дана, 2009 жыл 16. Компьютер - 1 дана, 2013 жыл	-	-	-	-
-	Биология-химия кабинеті, 41.58, шаршы метр	-	-	1. Шкаф книжный - 2 дана, 2007 жыл 2. Шкаф одежды - 2 дана, 2013 жыл 3. Парта - 6 дана, 2009 жыл 4. Стол однотоумбовый - 1 дана, 2009 жыл 5. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 6. Тақта - 1 дана, 2010 жыл	-	-	-	-
-	1-сынып кабинеті, 41.58	-	-	1. Парта - 8 дана, 2010 жыл 2. Шкаф книжный - 3 дана, 2010 жыл 3. Стол однотоумбовый - 1 дана, 2009 жыл 4. Стуля - 1 дана, 2007 жыл 5. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 6. Тақта - 1 дана, 2010 жыл	-	-	-	-
-	Математика кабинеті, 41.58 шаршы метр	-	-	1. Парта - 7 дана, 2009 жыл 2. Стол однотоумбовый - 1 дана, 2009 жыл 3. Жұмсақ орындық - 1 дана, 2008 жыл 4. Шкаф книжный - 1 дана, 2007 жыл 5. Шкаф одежда - 1 дана, 2007 жыл 6. Тақта - 1 дана, 2010 жыл	-	-	-	-
-	Орыс тілі мен ағылшын тілі кабинеті, 42.12 шаршы метр	-	-	1. Парта - 6 дана, 2007 жыл 2. Шкаф одежда - 2 дана, 2010 жыл 3. Шкаф - 2 дана, 2007 жыл 4. Тақта - 1 дана, 2007 жыл 5. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 6. Телевизор - 1 дана, 2007 жыл 7. Подставка - 1 дана, 2007 жыл 8. Интерактивная доска - 1 дана, 2015 жыл 9. Ноутбук - 1 дана, 2016 жыл	-	-	-	-
-	Мұғалімдер кабинеті, 24.3 шаршы метр	-	-	1. Стол однотоумбовый - 2 дана, 2008 жыл 2. Стол учительский - 3 дана, 2010 жыл 3. Компьютерный стол - 1 дана, 2008 жыл 4. Жұмсақ орындық - 4 дана, 2008 жыл 5. Кресло - 2 дана, 2016 жыл 6. Шкаф книжный - 3 дана, 2010	-	-	-	-

				жыл 7. Шкаф одежды - 1 дана, 2016 жыл 8. Сейф - 1 дана, 1972 жыл 9. Компьютер в комплекте - 3 дана, 2016 жыл 10. Принтер (Ricoh SP 150) - 2 дана, 2017 жыл 11. Пульта управления - 1 дана, 2007 жыл 12. Деревяни лоток - 1 дана, 2007 жыл 13. Ноутбук - 2 дана, 2016 жыл				
-	Директор кабинеті, 17.01 шаршы метр	-	-	1. Стенка - 1 дана, 2008 жыл 2. Офисный стол - 1 дана, 2007 жыл 3. Жұмсақ орындық - 8 дана, 2008 жыл 4. Кресло - 1 дана, 2008 жыл 5. Ту - 1 дана, 2009 жыл 6. Портрет Н.Ә.Н. - 1 дана, 2017 жыл 7. Герб - 1 дана, 2017 жыл 8. Сейф - 1 дана, 1972 жыл 9. Айна - 1 дана, 1982 жыл 10. Факс аппарат - 1 дана, 2007 жыл 11. Видеонаблюдения - 1 дана, 2015 жыл 12. Ноутбук - 1 дана, 2016 жыл	-	-	-	-
-	Тарих кабинеті, 41.58 шаршы метр	-	-	1. Парта - 8 дана, 2009 жыл 2. Стол однодубовый - 1 дана, 2009 жыл 3. Жұмсақ орындық - 1 дана, 2008 жыл 4. Шкаф книжный - 2 дана, 2008 жыл 5. Шкаф одежды - 1 дана, 2013 жыл 6. Такта - 1 дана, 2010 жыл 7. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 8. Графопроектор - 1 дана, 2017 жыл 9. Интерактивная доска - 1 дана, 2017 жыл 10. Компьютер столы - 1 дана, 2018 жыл 11. Компьютер в комплект - 1 дана, 2016 жыл	-	-	-	-
-	Қазақ тілі кабинеті, 42.12 шаршы метр	-	-	1. Парта - 10 дана, 2008 жыл 2. Мұғалім столы - 1 дана, 2008 жыл 3. Жұмсақ орындық - 1 дана, 2008 жыл 4. Шкаф книжный - 2 дана, 2009 жыл 5. Шкаф одежды - 2 дана, 2010 жыл 6. Такта - 1 дана, 2010 жыл 7. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 8. Интерактивная оборудование комплект с компьютером - 1 дана, 2017 жыл	-	-	-	-
-	Кітапхана, 23.2 шаршы метр	-	-	1. Стелаж - 2 дана, 2018 жыл 2. Шкаф книжный - 6 дана, 2009 жыл 3. Стол учительский - 6 дана, 2010 жыл 4. Жұмсақ орындық - 4 дана, 2007 жыл 5. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 6. Шкаф одежды - 2 дана, 2010 жыл 7. Компьютерный стол - 1 дана, 2007 жыл 8. Жұмсақ орындық - 2 дана, 2008 жыл 9. Кресло - 1 дана, 2018 жыл 10. Домбыра - 4 дана, 2015 жыл 11. Ұлттық киімдер - 7 дана, 2015 жыл	-	-	-	-
-	3-сынып кабинеті, 25.52	-	-	1. Парта - 8 дана, 2010 жыл 2. Шкаф книжный - 3 дана, 2010 жыл 3. Такта - 1 дана, 2010 жыл 4. Стол однодубовый - 1 дана, 2009 жыл 5. Стуля - 1 дана, 2007 жыл 6. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 7. Компьютер в комплект - 1 дана, 2016 жыл 8. Графопроектор, перде такта - 1 дана, 2017 жыл	-	-	-	-
-	2-сынып бөлмесі, 39.52 шаршы метр	-	-	1. Парта - 7 дана, 2010 жыл 2. Стол однодубовый - 1 дана, 2009 жыл 3. Шкаф книжный - 2 дана, 2010 жыл 4. Такта - 1 дана, 2010 жыл 5. Стуля - 1 дана, 2007 жыл 6. Мольберт - 1 дана, 2018 жыл	-	-	-	-
-	География кабинеті, 41.58 шаршы метр	-	-	1. Парта - 8 дана, 2009 жыл 2. Шкаф книжный - 2 дана, 2007 жыл 3. Шкаф одежды - 1 дана, 2009 жыл 4. Вешалка - 1 дана, 2013 жыл 5. Такта - 1 дана, 2010 жыл	-	-	-	-
-	Асхана, 31.54 шаршы метр	-	-	1. Электро плита - 1 дана, 2009 жыл 2. Стол - 2 дана, 2009 жыл 3. Стуля - 20 дана, 2009 жыл 4. Умывальник - 1 дана, 2010 жыл 5. Раквина - 3 дана, 2010 жыл 6. Аристон - 1 дана, 2010 жыл 7. Нан салғыш - 6 дана, 2010 жыл 8. Үлкен сырлы ожау - 1 дана, 2012 жыл 9. Кепкір үлкен - 1 дана, 2014 жыл 10. Эмаль чайник (3 литр) - 1 дана, 2014 жыл 11. Заварочный чайник - 1 дана, 2014 жыл 12. Эмалированное ведро (2 литр) - 2 дана, 2014 жыл 13. Холодильник - 1 дана, 2015 жыл 14. Шкаф - 2 дана, 2013 жыл	-	-	-	-
-	Мәжіліс залы, 159.36 шаршы метр	-	-	1. Жазу столы - 2 дана, 2010 жыл 2. Шкаф одежды - 1 дана, 2016 жыл 3. Кресло для акт зал - 20 дана, 2019 жыл 4. Орындық - 40 дана, 2019 жыл	-	-	-	-

-	Шеберхана, 60 шаршы метр	-	-	1. Парта - 8 дана, 2010 жыл 2. Шкаф книжный - 2 дана, 2009 жыл 3. Стул приставка - 1 дана, 2009 жыл 4. Стуля учительский - 1 дана, 2010 жыл 5. Такта - 2 дана, 2009 жыл 6. Версток - 9 дана, 1977 жыл 7. Циркулярка - 1 дана, 1985 жыл 8. Электро точилка - 1 дана, 1971 жыл 9. Электродрель - 1 дана, 1971 жыл 10. Фигурный станок - 1 дана, 1985	-	-	-	-
---	--------------------------	---	---	--	---	---	---	---

Білім беру қызметі шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына жататын Ғимаратта жүзеге асырылады. Ғимарат-2 2 қабатты ғимараттан тұратын, стадионы, спорт залы, 30 орындық асханасы, 1 медициналық кабинеті, 5 паспортталған оқу бөлмесі бар типтік ғимарат. Құрылыстың ауданы – 714,4 ш.м, ғимараттың ауқымы 5358 ш.м құрайды, жобалық қуаттылығы 200 орындық. 20 орындық спорт залы – 195,1 шаршы метр. Оқу кабинеттері мен зертханаларды қоса алғанда, ауданы – 1151,9 ш.м. 14 сынып бөлмесі, 16 орындық 1 информатика сыныбы; 22 компьютер, оның ішінде: 40 ноутбук. Саптық даярлық алаңы бар.

Кітапхана 47,3 шаршы метр аумақты алып жатыр, кітапхана қорымен – 16162 дана: оның ішінде оқулықтар - 4588 дана, қазақ тіліндегі кітаптар - 13205 дана. Электронды оқулық 20 дана.

Ағымдағы жөндеу 01.08.2023 жылдың басына республикалық бюджет қаражаты есебінен (ЖСҚ негізінде кешенді ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді 20.08.2024 аяқтау жоспарланған.

Білім беру ұйымдарының "санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер" бағалау критерийлеріне 12-қосымша, тамақтану объектісіне арналған шарттың көшірмесі, білім беру ұйымдарының "пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер" бағалау критерийлеріне 13-қосымша, білім беру ұйымдарының "білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер" бағалау өлшемшарттарына 14-қосымшалар қоса беріледі.

